

Ақтөбе қаласы «№77 ЖББОМ» КММ-не педагогтерді конкурстік негізінде жұмысқа қабылдау жүргізілетіндігін хабарлаймыз:

Педагогтерді конкурстық негізде қабылдау Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 31 наурыздағы №57 және ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2025 жылғы 31 наурыздағы №96 бірлескен бұйрығы талаптарына сай жүргізіледі.

Мектепке қажетті бос лауазымдар туралы ақпаратты жұмыспен қамту орталығының «enbek.kz», мектептің инстаграмм «77_mektep» және <https://hr-nobd.edu.kz/#/social/vacancies> жұмысқа қабылдау сайты, мектептің фейсбук парақшаларынан көруге болады.

Мектептегі бос лауазымдар:

1.Бастауыш сынып мұғалімі 2 орын (уақытша, декрет орны)

2.Ағылшын пәні мұғалімі 1 орын (уақытша, декрет орны)

Конкурсқа құжаттар қабылдау хабарландыру жарияланған күннен 7 жұмыс күн ішінде жүргізіледі. Конкурстық құжаттар “Педагогты жұмысқа қабылдау (<https://hr-nobd.edu.kz/#/social/vacancies>) платформасы арқылы электронды түрде қабылданады.”

Қажетті құжаттар тізімі:

1) осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қоса берілетін құжаттардың тізбесін көрсете отырып, конкурсқа қатысу туралы өтініш;

2) жеке басын куәландыратын құжат не цифрлық құжаттар сервисінен алынған электрондық құжат (сәйкестендіру үшін);

3) кадрларды есепке алу бойынша толтырылған жеке іс парағы (нақты тұрғылықты мекенжайы мен байланыс телефондары көрсетілген – бар болса);

4) Үлгілік біліктілік сипаттамаларымен бекітілген лауазымға қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес білімі туралы құжаттардың көшірмелері;

5) еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесі (бар болса);

6) "Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын, сондай-ақ оларды толтыру жөніндегі нұсқаулықтарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу(тізілімінде № 21579 болып тіркелген) бекітілген 075/у нысаны бойынша денсаулық жағдайы туралы анықтама;

7) психикалық, мінез-құлықтық бұзылушылықтары бар аурудың динамикалық бақылауда жоқтығы туралы анықтама;

8) наркологиялық аурудың динамикалық бақылауда жоқтығы туралы анықтама;

9) сертификаттаудан өту нәтижелері туралы сертификат немесе қолданыстағы біліктілік санатының болуы туралы куәлік (бар болса);

10) ағылшын тілі педагогтері лауазымына орналасуға кандидаттар үшін пән бойынша сертификаттау нәтижелері туралы сертификат немесе педагог-модератор немесе педагог-сарапшы немесе педагог-зерттеуші немесе педагог-шебер біліктілік санатының болуы туралы куәлікті (бар болса) немесе CELTA (Certificate in English Language Teaching to Adults. Cambridge) PASS A; DELTA (Diploma in English Language Teaching to Adults) Pass and above немесе IELTS (IELTS - айелтс) – 6,5 балл; немесе тойфл TOEFL (internet Based Test (iBT)) – 60-65 балл көрсеткіші бар сертификат;

11) осы Қағидаларға 12, 13-қосымшаларға сәйкес нысан бойынша педагогтің бос немесе уақытша бос лауазымына кандидаттың толтырылған бағалау парағы;

12) жұмыс орнынан (педагог лауазымы бойынша), оқу орнынан ұсыным хат.

Уақыты:07.11.-18.11.25 ж.

Мекен-жайы: Астана ауданы, Құрашасай елді мекені 453Б , «№77 ЖББОМ» КММ

Эл.пошта: Mektep77jbbom@yandex.kz

Тел.нөмері: 87132411010.